

Т.Т. Әбдіразақ* , **Н. Вуков²** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Болгария ғылым академиясы, София, Болгария

*e-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru

МУЗЕЙ-ҚОРЫҚТАР МӘДЕНИ ЛАНДШАФТ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕ

2017 жылы Қазақстан Республикасында тарихи-мәдени мұра объектілерін қайта қалпына келтіру және тарихи жақты жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында тарихи естелік орындарын сақтау мен дамыту ұлттық сананы қалыптастырудың және жетілдірудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл объектілер ұлттық тарихи жадының тұғырлы негізін құрай отырып, қоғамды ортақ тарихи сана төңірегінде шоғырландыратын мәдени-концептуалдық орталықтар мәртебесіне ие болуы тиіс деген тұжырым бағдарламада негізгі қағидаттардың бірі ретінде белгіленген.

Мақаланың мақсаты – музей-қорықтарды мәдени ландшафттың нысаны ретінде қарастыру. Мақалада Қазақстандағы Таңбалы, Ұлытау, Есік сияқты музей-қорықтар және Солтүстік Еуропадағы жартас суреттері мәдени ландшафт ретінде сараланады. Мақаланы жазу барысында 2000 жылдан бергі отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Отандық және шетелдік мәдени ландшафтты салыстырмалы тарихи әдіс негізінде талдау мақаланың басты міндеті. Оның ішінде Швециядағы Танум және елімізде орналасқан Таңбалы жартас суреттерін сақтау шараларындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланады. Сонымен бірге, Қазақстандағы аумағы жағынан ең үлкен және ең кіші музей-қорықтарды мәдени ландшафт нысаны ретінде ұсыну мәселесі көтерілді. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, ландшафттық-географиялық және геоархеологиялық тәсіл, ақпараттық-аксиологиялық тәсіл қолданылған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде музей-қорықтардың тек тарихи ескерткіш қана емес, табиғи және мәдени кеңістіктің тұтас кешені екендігі анықталады. Бұл Қазақстандағы музейлердің рөлін кеңейтіп, тарихи жад пен ұлттық сананың қалыптасуына негіз болады. Зерттеудің ғылыми нәтижесі музей-қорықтардың мәдени ландшафт ретіндегі рөлі анықталып, Ұлытау, Есік нысандары ЮНЕСКО талаптарына сай келетін табиғи-мәдени ландшафт ретінде танылу мүмкіндігі көрсетілді.

Түйін сөздер: мәдени ландшафт, этномәдени ландшафт, музей-қорық, ЮНЕСКО, тарихи жад

T.T. Abdirazak*, N.Vukov²

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Bulgarian Academy of Sciences, Sofia, Bulgaria

*e-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru

Museum-reserves as cultural landscape sites: based on national and international experience

In 2017, the «Sacred Geography of Kazakhstan» program was adopted in the Republic of Kazakhstan with the aim of restoring historical and cultural heritage sites and reviving historical memory. Within the framework of the program, the preservation and development of sites of historical memory are considered an essential component in the formation and enhancement of national consciousness. The program outlines one of its core principles as the idea that these sites, which form the foundation of the nation's historical memory, should serve as cultural and conceptual centers that unite society around a shared historical awareness.

The purpose of this article is to examine museum-reserves as elements of the cultural landscape. It analyzes museum-reserves in Kazakhstan such as Tamgaly, Ulytau, and Issyk, as well as rock art sites in Northern Europe, in the context of cultural landscapes. The article draws on both domestic and international research conducted since the year 2000.

The main task of the article is to provide a comparative historical analysis of domestic and foreign cultural landscapes. It focuses particularly on similarities and differences in the preservation efforts of the Tanum rock carvings in Sweden and the Tamgaly rock carvings in Kazakhstan. Additionally, the article raises the issue of presenting the largest and smallest museum-reserves in Kazakhstan as cultural landscape sites. The study employed the comparative-historical method, landscape-geographical and

geoarchaeological approaches, as well as the informational-axiological method. The scientific novelty of the work lies in establishing that museum-reserves are not only historical monuments but also integrated complexes of natural and cultural space. This expands the role of museums in Kazakhstan and serves as a foundation for the formation of historical memory and national consciousness. The scientific outcome of the research is the definition of the role of museum-reserves as cultural landscapes and the demonstration of the possibility of recognizing the Ulytau and Yesik sites as natural-cultural landscapes meeting UNESCO requirements.

Keywords: cultural landscape, ethnocultural landscape, museum-reserve, UNESCO, historical memory

Т.Т. Абдиразак*, Н. Вуков²

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Болгарская академия наук, София, Болгария

*e-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru

Музей-заповедники как объекты культурного ландшафта: на основе отечественного и зарубежного опыта

В 2017 году в Республике Казахстан была принята программа «Сакральная география Казахстана» с целью восстановления объектов историко-культурного наследия и возрождения исторической памяти. В рамках программы сохранение и развитие памятных исторических мест рассматривается как важная составляющая формирования и совершенствования национального сознания. В программе одной из ключевых установок является идея о том, что эти объекты, являясь основой исторической памяти нации, должны стать культурно-концептуальными центрами, объединяющими общество вокруг общего исторического сознания.

Цель статьи – рассмотреть музей-заповедники как объекты культурного ландшафта. В статье анализируются такие музей-заповедники, как Тамгалы, Улытау, Есик в Казахстане, а также наскальные рисунки Северной Европы в контексте культурного ландшафта. При написании статьи были использованы труды отечественных и зарубежных исследователей, начиная с 2000 года.

Основная задача статьи анализ отечественного и зарубежного культурного ландшафта на основе сравнительно-исторического метода. В частности, рассматриваются сходства и различия в мерах по сохранению наскальных рисунков в Тануме (Швеция) и Тамгалы (Казахстан). Также поднимается вопрос о представлении крупнейших и наименьших по площади музей-заповедников Казахстана как объектов культурного ландшафта. В исследовании использовались сравнительно-исторический метод, ландшафтно-географический и геоархеологический подходы, а также информационно-аксиологический метод. Научной новизной работы является установление того, что музей-заповедники представляют собой не только исторические памятники, но и целостные комплексы природного и культурного пространства. Это расширяет роль музеев в Казахстане и служит основой для формирования исторической памяти и национального сознания. Научный результат исследования определение роли музей-заповедников как культурного ландшафта и демонстрация возможности признания объектов Улытау и Есик природно-культурными ландшафтами, соответствующими требованиям ЮНЕСКО.

Ключевые слова: культурный ландшафт, этнокультурный ландшафт, музей-заповедник, ЮНЕСКО, историческая память

Кіріспе

Музей-қорықтарды мәдени ландшафттың нысаны ретінде қарастыру – тарихи және мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың тиімді бағыты. Қазіргі уақытта мәдени ландшафт нысандарын ең көп енгізген Солтүстік Еуропа елдері. Бұл көрсеткіш әлем елдері арасында мемлекеттік статусты анықтайды. Музей-қорықтардың мәдени ландшафт ретінде енгізілуі мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз етеді және елге экономикалық пайда әкеледі (Taylor, 2009).

1990 жж. мәдени ландшафттарға деген қызығушылық пен олар туралы түсініктің айтарлық-

тай артуы байқалды. Бұл құбылысты Дэвид Жак «мәдени ландшафттардың өрлеуі» деп дәл сипаттайды (Jacques, 1995). Мәдени ландшафттарға тән ерекше құндылықтар жүйесінің қалыптасуымен қатар, 1960–1970 жж. мәдени мұра ұғымына тән дәстүрлі түсініктерге сын көзбен қарау үрдісі қалыптасты. Бұрынғыдай тек ірі тарихи ескерткіштер, археологиялық орындар, әйгілі сәулет ансамбльдері немесе атакты тұлғалармен байланысты тарихи нысандар ғана емес, қоғамдық тарих пен күнделікті өмір көріністерін қамтитын ландшафттарға мән беріле бастады (Rossler, 2006).

Ландшафт ұғымы мәдениет түсінігіне тән күрделі қабаттар мен мән-мағыналарды талдау-

да маңызды рөл атқарады. 2005 жылы Қытайдың Сиань қаласында өткен ICOMOS халықаралық конференциясының тақырыбы осы мәселені көтеріп, мәдени мұраны сақтау тәжірибесінде қоршаған ортаның маңыздылығын атап өтті. Конференцияда қоршаған орта тек физикалық қорғау мәселесімен шектелмей, оның мәдени және әлеуметтік өлшемдерге де ие екені айтылды (Olwig, 2007).

1990 жж. бұл қозғалыстың негізін 1960-1970 жж. мәдени география өкілдерінің еңбектері қалады. Олардың қатарында Дэвид Ловенталь, Пирс Льюис, Дональд Мейнинг, америкалық Дж.Б. Джексон, Ұлыбританиядан Деннис Косгроув және Австралиядан Деннис Джинс бар. Олар өз еңбектерінде неміс географы Отто Шлюттердің «Мәдени ландшафт» тұжырымдамасына сүйеніп, ландшафт морфологиясын мәдени өнім ретінде қарастырды (Taylor & Lennon, 2011). Сондай-ақ, Франц Боас ұсынған «өртүрлі мәдениеттер бірдей табиғи ортаға әрқалай бейімделеді» деген идеяны да жалғастырды. Бұл көзқарастар 1920 жж. америкалық географы Карл Зауэрдің «мәдени ландшафт табиғи ландшафтты мәдени топ қалыптастырады» деген тұжырымымен тығыз байланысты (Sauer, 1925). Бұл идеяның басты үстанымы – табиғатты жай ғана көру емес, оны адамзат тарихының құжаты ретінде оқи білу, онда уақыт пен құндылықтар қабаттарының, сол жердің рухының айғағын табу.

Мәдени ландшафттың басты бағыттарының бірі этномәдени ландшафт болып табылады. 1980 ж. АҚШ-та орналасқан Ұлттық Саябағында антрополог, зерттеуші қызметін атқарған Мюриел Мики Креспи «этомәдени ландшафт» ұғымын енгізді. Бұл ұғым мәдени сенімдерге қатысты әрекеттердің табиғи әлемнен материалдық мәдениетті қалай тудыратынын сипаттау үшін қолданылды. Этомәдени ландшафт – белгілі бір этностың мәдени жүйесінде дәстүрлі мифологиялық, діни, тұрмыстық немесе өзге де маңызды мәнге ие географиялық нысандарды, табиғи ресурстарды, құрылымдар мен ландшафтық элементтерді қамтитын кеңістік (Egan 2003).

Материалдар мен әдістер

Қазақстандағы музей-қорықтар – мәдени ландшафттың айқын көрінісі болып табылады. Мәдени ландшафт ұғымы ХХ ғ. аяғында ғана ғылыми айналымға енгізілгендіктен еліміздегі отандық тәжірибеде әлі де толық зерттеле қоймаған. Дегенменде, соңғы жылдары ескерткіш-

терді мәдени ландшафт ретінде бағалауды біршама ғалымдардың еңбегінен көруге болады. Осы орайда, отандық музей-қорықтарды мәдени ландшафт ретінде қарастырған Г.Ш. Файзуллина, Г.Р. Мухтарова (Тежімуратов, Файзуллина, 2013), Б. Железняков (Железняков, 2011), А. Рогожинский (Рогожинский, 2011), Р.Сала, Ж. Деом (Sala & Aubekerov, 2013) және т.б. ғалымдардың зерттеулері негізге алынды, ал шетелдік зерттеушілерден ең алғаш «мәдени ландшафт» терминін енгізген американдық ғалым К. Зауэр (Sauer, 1925), австралиялық зерттеуші К.Тэйлор (Taylor, 2009), сонымен қатар, Ю. Веденин, М. Кулешова (Веденин & Кулешова, 2004), К. Хельског (Heiskog & Hogtun, 2004), Д. Иган (Egan, 2003), С.Хиген (Hygen & Bengtsson, 2000) және т.б. еңбектеріне сүйендік.

Сонымен қатар, мақалада басты мақсат музей-қорықтарды мәдени ландшафттың нысаны ретінде қарастыру болғандықтан археологиялық ескерткіштер де негізге алынды. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс пайдаланылды. Салыстырмалы тарихи-әдіске жүгіну барысында Швецияда орналасқан Танум жартаc суреттері мен елімізде орналасқан Таңбалы ескерткіштерін сақтау шараларының айырмашылықтары талданды. Сонымен бірге, еліміздегі көлемі жағынан ең үлкен және ең кіші музей-қорықтарды мәдени ландшафт нысаны ретінде компаративті әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мәдени мұраны мәдени ландшафт ретінде музейлендіру үрдісіне соңғы жиырма жылда әлемнің дамыған елдерінде айрықша назар аударыла бастады. Мәдени ландшафттың өзіне тән орынды түсіндірмелері бар: ең алдымен, бұл барлық ғылым салаларында қолданыла бастаған кешенді пәнаралық тәсілмен байланысты. Сонымен қатар, «мәдени ландшафт» ұғымының өзі күрделі болғандықтан, оған сәйкес әдістемелік тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі туындады. 1990-жылдардың басынан бастап ЮНЕСКО табиғи және мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция мәтінінде көрініс тапқан идеялардың таралуына байланысты, мәдени ландшафт мәдени мұра санаты ретінде қарастырыла бастады. Осыған сәйкес, ол мәдени мұраны қорғаудың негізгі объектілерінің бірі ретінде танылуға негіз болды (Fowler, 2003).

Көптеген елдерде қалыптасқан мәдени ландшафт ұғымының тұжырымдамасы мына түсінікті

ұстанады: «Мәдени ландшафт табиғи ландшафттан мәдени топ арқылы бөлініп шығады. Яғни, мәдениет – белсенді күш, табиғи орта – құрал, ал мәдени ландшафт – нәтиже». Дәлірек айтқанда, мәдени ландшафт – бұл адам мен табиғаттың бірлескен әрекетінің нәтижесі, яғни адамның табиғатпен бірлесе жасаған туындысы. Ал географиялық мағынада мәдени ландшафт бұл тек адам мен табиғаттың бірлескен шығармашылығының нәтижесі ғана емес, ол табиғи-мәдени аумақтық кешен болып саналады. Сонымен қатар, мәдени ландшафт құрылымдық, морфологиялық және функционалдық тұтастыққа ие және нақты физикалық-географиялық, мәдени-тарихи жағдайларда дамиды. Оның құрамдас бөліктері белгілі бір үйлесімдерден тұрады және өзара байланысты (Groth & Wilson, 2003).

Археологиялық ландшафттарға қатысты мәдени ландшафт ұғымы және онда өмір сүрген адамдармен ландшафт арасындағы байланыс Батыс сарапшылары тарапынан жан-жақты түсіндірілді. «Адам өзінің тіршілік еткен ортасын – ландшафтты белгілі бір нормаларға, ережелерге, мүмкіндіктерді қолдануға және мақсаттарына сәйкес «мәдениеттендірді», алайда қоршаған орта да адамға ықпал етті. Адам мен қоршаған орта арасындағы өзара ықпал бір мезгілде мүмкіндіктер де, шектеулер де жасайды» – делінген (Sauer, 1925) Ландшафтты антропогендік ықпал мен табиғи үдерістердің өзара әрекеттестігі нәтижесінде қалыптасқан, өткен мен қазіргі уақыттың көзге көрінетін іздерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Ежелгі адам егістік алқаптарын тазалап, тұрғын үйлер салып, жерлеу құрылыстарын тұрғызып және оларда жерлеу рәсімдерін орындай отырып, белгілі бір уақыт ішінде ландшафттың түрі мен мазмұнын өзгертті.

Ежелгі адам жартастарға суреттерді қашап сала отырып, ландшафтты айқындап, соның нәтижесінде ландшафтқа және қоғамға атау, бірегейлік пен құрылым берді. Ландшафт адам тарапынан қалыптастырылды, ал адамға, өз кезегінде, ландшафт экономикалық, әлеуметтік және әдет-ғұрыптық тұрғыда әсер етті (Heiskog & Hogtun, 2004). Біздің ойымызша, қазіргі уақытта мәдени ландшафтты анықтауға арналған қолданыстағы тәсілдердің ішіндегі ең орындысы – ақпараттық-аксиологиялық тәсіл. Бұл бағыт мәдени және табиғи мұраны сақтау институтында Ю.А. Ведениннің жетекшілігімен қалыптасты. Сонымен қатар, классикалық ландшафттық-географиялық және

этнологиялық-географиялық тәсілдер де бар. Олардың арасында үлкен айырмашылық жоқ, алайда бұл тәсілдерді мәдени ландшафттарды мұра нысандары ретінде сақтауда қолданғанда маңызды әдістемелік өзгешеліктер туындауы мүмкін. Ақпараттық-аксиологиялық тәсілдің негізі – табиғи-мәдени аумақтық кешен ұғымымен байланысты. Бұл – тарихи тұрғыда теңгерімді жүйе, онда табиғи және мәдени құрамдастар біртұтас бүтінді құрайды (Веденин & Кулешова, 2004). Бұл тәсіл әлемдік деңгейдегі ең жоғары халықаралық әдістемеге барынша жақын келеді. Атап айтқанда, ЮНЕСКО-ның мәдени ландшафты әлемдік мұра тізіміне енгізу кезінде, соның ішінде жартастағы суреттер ескерткіштері үшін де қолданылады. Мысалы, Жетісудағы Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері, шетелдік Швециядағы Танум сияқты ескерткіштер де енгізілген болатын. Танум жартастағы суреттер ескерткішінің мәтіні үш негізгі тезистен тұрады. Бұл мәтінде жартастағы өнер мен ландшафт ерекшеліктері тікелей байланыстырылмаса да, ескерткіштердің орналасу ерекшеліктері толықтай егжей-тегжейлі қарастырылып, бірнеше параметрлерге нақты сәйкестікпен негізделген.

Солтүстік Еуропадағы жартастағы суреттер бейнеленген жазықтықтардың орналасу ерекшеліктеріне терең үнілмей-ақ, ең маңызды жайттардың бірі – олардың сол кезеңдегі теңіз жағалауына жақын орналасуы екенін атап өтеміз. Айта кету керек, сол уақыттағы теңіз деңгейі қазіргіге қарағанда төмен болған. Бұл тәсіл – табиғи-мәдени аумақтық кешен ұғымын тепе-теңдік жүйесі ретінде қарастыратын тұжырымға негізделеді. Мұнда табиғи және мәдени құрамдастар біртұтас жүйе ретінде қарастырылады, яғни олар тек фон немесе бір-біріне әсер етуші фактор ғана емес, толыққанды бірлікті құрайды. Осындай түсіндіру тұрғысынан мәдени ландшафт ЮНЕСКО тарапынан Әлемдік табиғи және мәдени мұра нысандарына қойылған әдіснамалық талаптарға толық сәйкес келеді (Evers, 1994).

Солтүстік Еуропа теңізінің скандинав жағалауы мен Шу-Іле тауларының ландшафттары географиялық тұрғыдан алғанда түбегейлі ерекшеленеді. Соған қарамастан, мәдени ландшафттардың ұйымдастырылу ерекшеліктерінен белгілі бір ортақ сипаттарды байқауға болады. Бұл, сондай-ақ, жартастағы суреттер бейнеленген жазықтықтардың орналасуына да қатысты айтуға болады.

Қола дәуіріндегі екі аймақтың мәдени ландшафттарының орналасу жүйесіндегі заңдылықтарды анықтау – жеке бір зерттеудің нысаны бола алатын және болуы тиіс маңызды тақырып. Өйткені, бір-бірінен географиялық тұрғыдан алыс орналасқан бұл екі өңірде жартастағы өнерде айтарлықтай ұқсастықтар байқалады. Бұл – өзара жалғасқан оқиғалардың біртұтас тізбегінің ортақтығынан көрінеді: күн бейнелері, адам мен жануар бейнелері, діни рәсімдер мен оларды орындау көріністері, сондай-ақ тұрмыстық көріністер (мысалы, аңшылық немесе жер өңдеу) сияқты элементтер екі өңірде де дерлік ұқсас.

Таңбалы ландшафты – бүкіл өңірдегі осындай нысандардың ішіндегі ең жарқын және ерекше көріністердің бірі ретінде А.Е. Рогожинскийдің еңбектерінде сипатталған. Ғалым «Таңбалы сияқты көшпенділер өркениетіне тән белгілерді дәл әрі көрнекі көрсете алатын басқа ескерткіштерді атау қиын. Сонымен қатар, бұл нысан табиғи ортаға жоғары деңгейде бейімделу мен оны белсенді, бірақ агрессивті емес түрде түрлендіру мүмкіндігін тамаша көрсетеді. Таңбалы археологиялық ландшафты – табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімділіктің жарқын көрінісі» – деп жазады. Зерттеуші Таңбалы ландшафтының өзіндік ерекшеліктеріне ерекше тоқталады. Ол бұл ерекшеліктерді былайша түсіндіреді: «Өңірдің геологиялық және неотектоникалық дамуының өзіндік сипаты мен климаттық ерекшеліктері – бұл жерде адамдардың өмір сүру салты мен олар жасаған қоршаған ортаны түрлендіру тәсілдерін алдын ала айқындап берді» (Рогожинский, 2011). Бұл ландшафттың өзгеруі, көбіне, ол дәуір адамдарында рухани мағынаға ие болған суреттер арқылы жүзеге асқан. Яғни, ландшафт «модификацияланған», бірақ бұл модификация – мағыналық, символикалық сипатта болған.

Қола дәуірінен жаңа заманға дейінгі барлық кезеңдерде адам ешқашан табиғи ландшафтқа бүгінгідей «өзгертуші» тұрғыда қараған емес. Бүгінгі адам табиғатты тек орта емес, өзгертуге тиіс нысан ретінде қарастырады. Адам ландшафттың түрлі қырларымен бірге жасай отырып, тек физикалық кеңістікпен ғана емес, тарихпен де қатар жасайды (Sala & Aubekero, 2013).

Қазіргі таңда мәдени мұраның мәдени ландшафт санатын шынайы әрі толыққанды түсінуге бағытталған әдістемелік тәсілдерді әзірлеу барысында, көптеген елдерде қолданылып жүрген қолданбалы, пәнаралық әдістермен қайшылық

туындайтыны анық. Бұл әдістер табиғатты және мәдениетті екі бөлек сала ретінде қарап, олардың негізгі құндылықтарын сақтау үшін мүлде бөлек жүйелерді ұсынады. Бұрынғы тәсіл өзін сарқып болды, ендігі жерде бұл қайшылықты шешудің жаңа жолдарын іздеу қажеттігі туындап отыр. Мүмкін, мәдени ландшафтқа деген тарихи кезеңдердегі көзқарастар мен қатынасты тереңірек зерттеу бұл мәселені шешуге қабілетті адамдардың назарын біздің отанымызда ғана емес, әлем бойынша да аударуы мүмкін. Айқын дәлел – адамзат тарихының барлық кезеңдерінде мәдени ландшафтты қалыптастырған жандар бұл үдерісті мүлдем басқа көзқараспен қабылдаған. Қазіргі кейбір пікірлердің ол кезеңдегі ландшафтық қатынасты «қарапайым» деп бағалауы маңызды емес, өйткені бүкіл мәдени ландшафттар дәл осылай қалыптасты, және бұл – олардың тарихи әрі мәдени құндылығының абсолюттілігіне ешқандай күмән келтірмейді (Тезимуратов & Файзуллина, 2013).

Мәселені «тәжірибелік» тұрғыдан қарастыру белгілі бір әдістемелік тәсілдің ақиқатқа жақындығын дәлелдеуге көмектесуі мүмкін. Ландшафтық ескерткіштерді таныстыру мен басқару саласындағы норвегиялық белгілі мамандар Хиген мен Бенгтссон былай деп жазады: «Бүгінде біз мәдени және табиғи ландшафттың айырмашылықтарын қола дәуірі сияқты кезеңдермен салыстырғанда басқаша түсінеміз. Ол кезде бұл – адамдар жиналып, аң аулайтын аумақ болатын. Табиғат дегеніміз сыртқы дүние еді және ол адам иеленген әрі мекендеген кеңістікке қарсы ұғым ретінде қарастырылды. «Иелік еткен» ландшафт – бұл адамның өзінің өмір сүретін ортасын қорғау деңгейін арттырған кеңістік. Мұндағы жағдайлар адамға таныс әрі белгілі бір дәрежеде бақылауға алынған еді. Ал «жабайы» ландшафт – бұл игерілген кеңістіктің сыртында қалған, адам бақылауынан тыс, беймәлім және сондықтан қауіпті, жабайы әлемнің бір бөлігі болып саналатын кеңістік» (Hugen & Bengtsson, 2000).

Қазақстандық зерттеушілер арасында да петроглифтердің ірі және ұсақ топтарының пайда болу себептері туралы осындай ойлар айтылып жүр. Дегенмен, көбіне олар көбірек прагматикалық, материалдық себептермен түсіндірілді – мысалы, құнарлылық культтерімен, аңшылық магиясымен және т.б. Әрине, ежелгі адамның ойлары мен ұмтылыстарын түсіну үшін, еуропалық жартас өнерін зерттеушілердің бірі жазғандай, XX ғасырдағы ғылыми білімнен

арылу қажет (Железняков, 2011). Бұл, мәдени ландшафттарды, соның ішінде петроглифтері бар аймақтарды сол дәуірдің мифологиясымен ұштасқан таным арқылы дұрыс түсінуге бағытталған келесі кезең болар.

Хиген мен Бенгтссон викингтер дәуірінде қалыптасқан ландшафтты сол уақыттың дүниетаным жүйесіне сүйене отырып интерпретациялайды. «Игерілмеген ландшафт – бұл алыптар мен тролльдердің, яғни қауіпті әрі жойқын күштердің мекені деп есептелген. Олар адамдар мекендеген таныс дүниеге үнемі қауіп төндіріп, қысым көрсетіп отырған. Мұндай түсінік қола дәуірінде де орын алуы мүмкін. Тұрғын үйлер, молалар мен жартастағы бейнелер арқылы адамдар ландшафтқа таңба қалдырған кезде, ол кеңістік бақыланатын, игерілген деп саналған. Ал сол кеңістіктен тыс әлемде мүлдем өзге күштер үстемдік еткен». Норвегиялық маман бұл ойды әрі қарай дамытып, былай дейді: ландшафт – бұл «игерілген» және «игерілмеген» күштер арасындағы тұрақты күресті бейнелейтін кеңістік, және бұл күресті тарихи тұрғыда бақылауға болады. Сонымен қатар, археологтардың ең басты міндеттерінің бірі – тарихи ландшафттағы жартас суреттері, қоныстар мен қорымдардың орналасу заңдылықтарын түсіну. Осы арқылы ежелгі адамның өз ландшафтына қалай қарағанын және онда белгілерді қалай орналастырғанын ұғуға болады. Ол мұны материалдық та, рухани да жолмен – әрекет, таңдау, ой және бірегейлік арқылы жүзеге асырған (Hugen & Bengtsson, 2000).

Нәтижесінде, Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа зерттеу бағыты болып табылатын мәдени ландшафттарды зерттеу саласы, әсіресе оның тарихи-мәдени құрамдасын зерттеуші ғалымдар үшін көптеген қызықты мүмкіндіктерді ашады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жартастағы суреттерді олардың ландшафттық орналасуын ескере отырып интерпретациялау – зерттеушінің сәттілікке жетуіне үлкен ықпал етеді. Археологтар бұл салаға ұзақ уақыт бойы жеткілікті көңіл бөлмегенімен, қазіргі таңда бұл тақырыпқа қоғамдық назардың артуы, сондай-ақ жаңа технологиялар мен жабдықтарды пайдалану арқылы тың мүмкіндіктер пайда болды.

Тамғалы петроглифтерін ЮНЕСКО тізіміне енгізу үшін дайындалған құжаттама, сондай-ақ Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы (Ешкіөлмес, Арпаөзен, Күлжабасы) жартас өнері ескерткіштері бойынша құжаттама дайындау ісінде Рогожинский мол тәжірибе жинақтаған

(Рогожинский, et. at., 2004). Сондай-ақ, мұндай көпжылдық зерттеу тәжірибесі георхеологиялық қазба жұмыстарының арқасында қалыптасты. Георхеологтар Р. Сала мен Ж. Деомның кейбір зерттеу нәтижелері жарияланған болатын. Сонымен қатар Күлжабасы мен Тамғалы ескерткіштерінде заманауи құрал-жабдықтар мен деректерді өңдеу әдістерін пайдалану арқылы құжаттама жасауда белгілі бір тәжірибе Б.А. Железняков пен Л. Херманн тарапынан да жинақталды.

Айта кету керек, жартастағы өнері бар ландшафттарды интерпретациялау мәселесінде еуропалық ғалымдар бізден әлдеқайда алдыңғы деңгейде. Қазіргі кезде жалпы қабылданған тұжырымға сәйкес, жартастағы өнер – адамды өзін қоршаған ортамен, яғни табиғи әрі рухани әлеммен байланыстыратын өзінше бір «көпір» болған, мұнда дәстүрге ерекше мән берілген. Сонымен қатар еуропалық ғылымда жартастағы суреттер бейнеленген тасты беттер ежелгі адамдар өмір сүрген ландшафттың бір бөлігі ретінде, яғни адамдармен, жануарлармен, рухтармен және т.б. «мекендеген» кеңістік ретінде қарастырылады. Мұндай түсінікке, әдетте, бүгінгі күнге дейін сақталған су көзінің (бұлақ немесе өзен) болуы да кіреді – ол петроглифтер салынған жазықтықтан ағып өтеді. Ал тастың микро-топографиясы – табиғи бедерлер мен ой-шұңқырлар – ландшафттың символикалық элементтері ретінде қарастырылған; тастың табиғи жарықтары мағыналық шекаралар ретінде, кітаптағы «беттер» немесе «тараулар» іспетті пайдаланылған (Bertilsson, 2004). Швецияда орналасқан Танум жартас суреттері жойылып, анық көрінбей бара жатқандықтан қызыл бояумен боялған. Бір қызығы еліміздегі Таңбалы мәдени ландшафты әлі де түсін жоғалпаған. Жартастағы суретті сақтау үшін ешқандай бояу қолданылмайды. Отандық тәжірибеде сақтау шаралары «Асан келді, Үсен келді...» деген жазулардан сақтану арқылы жүзеге асырылады.

Осындай микроландшафттарды интерпретациялау тәсілдері соңғы жиырма жылда елеулі даму үстінде, сондықтан осы саладағы халықаралық зерттеулердің нәтижелерін қазақстандық ғалымдар ескеруі аса маңызды. Осыған байланысты, Қазақстандағы петроглифтерді зерттеушілердің елеулі бөлігі үшін мәдени ландшафт ұғымы көптен бері жартастағы өнермен кешенді түрде қарастырылады деуге болады. Сонымен қатар, жартастағы суреттер мен қорғандар сияқты жерлеу мәдениетінің ескерткіштері – табиғи

ландшафтпен тығыз байланысты нысандардың бірі. Ежелгі мәдени ландшафт жасаушылары табиғи және мәдени ландшафттарға қазіргі зерттеушілер мен мәдени мұра менеджерлерімен салыстырғанда мүлде өзгеше қараған. Олар өздеріне белгілі кеңістіктерді игерілген және игерілмеген, жабайы және үйреншікті деп бөлген. Бүгінгі таңда біз мәдени ландшафттарды анықтаудың заманауи әдістерін әлдеқайда жақсы түсінеміз, алайда неліктен ата-бабаларымыз өздері әлдеқашан шаруашылық тұрғыда игеріп үлгерген аумақтарды осындай «мәдени игеруге» ұмтылғаны туралы сұрақ әлі де жеткілікті зерттелмеген.

Адам мен ландшафт арасындағы қатынастың ішкі мазмұнын уақыт бойы қарастыру да жеке зерттеу тақырыбына айнала алады. Мысалы, сақ дәуіріндегі «патшалық» қорғандар табиғи ландшафтта ерекше көзге түсуі үшін әдейі тұрғызылған айбынды нысандар адамның табиғи ортаға деген көзқарасындағы түбегейлі өзгерісті көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, Таңбалыда табиғи ландшафтқа осындай құрылымдық әсер еткен ірі өзгерістер болмаған.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында әрқашан да «қасиетті жерлерге» (оның ішінде белгілі бір тарихи немесе аңызға айналған тұлғалар мен оқиғаларға қатысты жерлерге) құрмет көрсету дәстүрі болған. Бұл дәстүр мұраны сақтаудың мәдени формасы ретінде «қорық-музей» ұғымына табиғи түрде үйлесіп кірді. Қазіргі таңда Қазақстанда республикалық маңызы бар он бес қорық-музей жұмыс істейді. Олардың ең ірісі – «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі (147 246 га, барлық қорықтардың 80%-ын қамтиды), ал ең кішісі – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі (332 га қорғалатын аймақ, оның ішінде 6 га – музейге жер пайдалану актісі бойынша тиесілі). Бұл қорықтар, әрине, тек көлемі жағынан ғана емес, сонымен қатар ел астаналарына жақындығы және қолжетімділігіне байланысты туристік тартымдылығы жағынан да ерекшеленеді (Егизбаева & Бексейтов, 2021). Бұл жағдай – бір фактінің әрі артықшылық, әрі кемшілік бола алатын мысалы. Мәселен, «Ұлытау» музейінің кеңсесі мен көрме орталығы Жезқазған қаласынан 2-3 сағаттық жерде орналасқан аудан орталығында, ал Астана мен Алматыдан бір тәулік шамасындағы жолда. Бұл жерде «артықшылығы» – оның Қазақстанның географиялық орталығы, қазақ мемлекеттілігінің бесігі, қазақ хандарының ізі қалған қасиетті жер болуы (Ештанаев, et. al., 2017).

Дәстүрлі қазақ даласын көріп, сезінгісі келетін, қазіргі мен тарихи Қазақстан кеңістігі мен уақытын өз көзімен көргісі келетін адам – дәл осы жерге келеді. Бұл – аймақтың туристік әлеуеті. Алайда, бұл сапар мәдени-ағартушылық демалыс қажеттілігінен туындайтын кенеттен қабылданған шешім емес, арнайы жоспарланатын саяхаттың бір бөлігі. Бірақ бұл сапар өзіне тән ерекше тарихи-мәдени мүмкіндіктерімен құнды.

Ал «Есік» қорық-музейі – республиканың мәдени туризмін дамытудың стратегиялық маңызды нысаны. Ол Ұлы Жібек жолының бойында, Алматы қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. Алматы – Қазақстанның «оңтүстік» астанасы, әрі туризм орталығы болып қалып отыр. Алматы – демалыс күндеріне арналған туристік турлар ұйымдастыруда маңызды тірек нүктесі. Қала маңында тұрғындар мен қонақтар жиі баратын көптеген табиғи нысандар бар. Солардың бірі – Түрген сарқырамалары мен Есік көлі бағыты, осы бағытта «Есік» қорық-музейі орналасқан (Жұмабекова, et. al., 2011). Бұл жерде де өз артықшылығы бар – келушілердің едәуір бөлігі жай ғана «жолай өткен» адамдар. Сонымен қатар, музей қызметкерлері мен туроператорлар 2010 жылы сақ ақсүйектерінің жерленген алқабында қорық-музейдің ашылуы осы бағыттағы турлардың танымалдылығын арттырғанын жақсы түсінеді. Осылайша, қорық-музей мен туризм саласы бір-біріне тәуелді, өзара тиімді серіктестікке айналды. Алайда бұл артықшылықтың өз қиындығы да бар – Алматымен инфрақұрылым, жайлы қызмет көрсету деңгейі тұрғысынан бәсекеге түсу қиын. «Жолай өткен» туристі «арнайы келетін» туристке айналдыру оңай емес, ал бұл өз кезегінде жергілікті бизнесті дамыту арқылы қызмет көрсетуді жолға қоюға тікелей әсер етеді. «Кездейсоқ» келушілерді «арнайы» келетін тұрақты кластерге айналдыру қиын.

Әрбір қорық-музей өзінің артықшылықтарын ескере отырып, алдымен келуші контингентімен байланысты мәселелерді шешуге тырысады. Мәселен, «Ұлытау» музейі зиярат ету бағытын дамытуда. Ауылдың дәл орталығында орналасқан тауды жергілікті тұрғындар қасиетті санайды (онда жеті әулие жерленген), бұл тауға Қазақстан мен көршілес республикалардың азаматтары зиярат жасайды (Мусатаева, 2022). Бұл адамдарды «өз» келушілеріне айналдыру, олардың зияратын тек қасиетті орындарға ғана емес, тарихи орындарға да мәдени деңгейде ұйымдастыру үшін музей қызметкерлері инфрақұрылымды дамытып – жолдар мен соқпақтарды

абаттандыру, ұйықтайтын орындары, асүйі мен санитарлық тораптары бар «зиярат ету орталығын» салу сынды жұмыстар жүргізген.

«Есік» қорық-музейі болса, музейге келушілер үшін білім беру мазмұнын арттыру бағытында жұмыс істеп келеді – көрме залдарына сенсорлы киоскілер орнатылған (бұл жергілікті музейлер үшін әлі де сирек құбылыс), сақ дәуіріне тиесілі түпнұсқа артефактілермен коллекция толықтырылуда, интерактивті экспозициялар дамып келеді. Көрме залдары шағын болғандықтан, бір автобуста келген туристерге (кейде бірнеше автобус) орын тар болуы мүмкін. Осыған байланысты, музей қызметкерлері музей аумағынан тыс кеңістікті ұйымдастыруда – бұрын қазылған қорғандарды музейлендіру, тарихи-мәдени ландшафтың шынайы және тартымды нысандарын көрсету, арт-объектілер орнату және т.б. Нәтижесінде, музейге экскурсиялық бағыттар келушілерге ыңғайлы етіп жасақталып, барлығына жеткілікті деңгейде назар бөлінетін жағдай қалыптасып отыр. Музей тарапынан ерекше назар аударатын басым топтардың бірі – туроператорлар тобы (серіктес – Қазақстанның Туристік Ассоциациясы). Бұл топ үшін жыл сайын 18 сәуірде, Халықаралық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау күніне орай арнайы эксклюзивті іс-шара өткізу дәстүрге айналды (археологтардың дәрістері, археологиялық ескерткіштере шығу, музейдің жана қызметтерін таныстыру және т.б.) (Тулегенов, et. al., 2020). Екі қорық-музейдің де даму бағыты – жергілікті халықпен жұмыс жүргізу (ресми түрде республикалық мәртебеге ие болғанымен, бұл аймақтардан оқшау емес), яғни жергілікті қауымдастықты өздерінің «ықпал ету аясына» енгізу. «Ұлытау» мен «Есік» өз аймақтарында біртіндеп дамып келе жатқан «локомотивтер» іспетті, олардың соңынан бүкіл аймақ пен жергілікті қоғамның даму үдерісі ілесіп келеді.

Әрине, айырмашылықтарына қарамастан, екі қорық-музейдің де негізгі қызметі тарихи-мәдени ескерткіштерге сүйенеді – олар қорық-музей мәртебесін алудың бастапқы нүктесі болған. Жоғарыда айтылғандай, Ұлытау өңірі – қазақ хандығы кезеңінің ескерткіштеріне бай өлке. Халықаралық деңгейде танымал ескерткіштер қатарында Жошы хан мен Алаша ханның кесенелері бар. Алайда ең ерекше әсер қалдыратын орындар – қазақ батырларының қорымдары. Бұл жерде мазарлар немесе кесенелер емес, тек бір таңба (ру белгісі) қашалған қабіртастар – Отан

мен халыққа адал қызмет етудің үнсіз, бірақ терең куәсі. Мұндай жерлерде адам сонау бір замандарға сүнгіп кеткендей күй кешеді – жылқыны көлік қана емес, соғыс серігі ретінде пайдаланған кезеңнің «тарих желі» осы маңда сезіледі (Қожамсейітов, 2014).

«Есік» қорық-музейінің негізгі қорғауға алынған нысандары – сақ дәуірінің қорғанды обалары, оның құрамында әйгілі «Алтын адам» табылған «Есік» қорғаны бар. К. Акышев, К. Байпақов «сақ ханзадасы» деген. Бұл бейне бұғінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің символына айналған. Қазіргі таңда музейдің ең тартымды «экспозициясы» – табиғи ландшафты көрінісі (Сарғожаев, 2008).

Жетісу аймағындағы сақ және сақ-үйсін кезеңдеріне жататын ескерткіштердің археологиялық картасы жасалды. Жобаның ең маңызды нәтижелерінің бірі – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорғау аймағына Рахат қалашығы мен Өрікті қонысының енгізілуі болды. Бұған дейін аудан әкімдігі бұл аумақта құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізуге тыйым салу туралы қаулы қабылдаған еді (Тасмағамбетов & Байпақов, 2005). Жобаның жүзеге асуы бұл ескерткіштерді бұзылудан сақтап қалуға ғана емес, оларды қорғауға алып, туристік маршрутқа қосуға да мүмкіндік берді. «Ұлытау» қорық-музейі 2012 жылы өз аумағында археологиялық зерттеулер жүргізуге лицензия алғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі мен «Есік» қорық-музейінің қызметкерлерімен бірлесіп, археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырды. Бұл экспедиция Жетіқыз өзені бойындағы петроглифтер мен рулық таңбаларды зерттеуге бағытталды. Сондай-ақ Терісаққан өзені бойында археологиялық барлау жұмыстары жүргізілді (Мұхтарова, et. al., 2020). Осылайша, аумақтық және «жас ерекшеліктеріне» қарамастан, «Ұлытау» мен «Есік» қорық-музейлері мұраны сақтаушы ортақ миссияны орындауға тырысады. Бұл ретте олар өздеріне тән ерекшеліктерді дамудың ресурсы ретінде тиімді пайдалануда.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, музей-қорықтардың мәдени ландшафт нысанына айналуы әлемде мемлекеттік дәрежені айқындайды. Сонымен бірге елдің мәдени мұрасын сақтаушы, экономикалық пайдасын жүзеге асырушы фактор болып табылады. Елімізде мәдени ландшафт нысаны ре-

тінде айқындалатын ескерткіштер өте көп. Тек экономикалық пайда ғана емес, әлемге Қазақстанның тарихы өте тереңде екендігін танытатын заттай деректердің өте көп болуын көрсетеді. Қазақстандағы музей-қорықтар мәдени ландшафттың басты негізгі санаты болып саналатын этнографиялық ландшафттардың айқын көрінісі. Оған дәлел археологиялық экспедициядан табылған артефактілер. Елімізде жүргізілген белгілі археологтар бастаған экспедициялардың нәтижесі жоғары деңгейде. Оны біз қазіргі уақытта музей-қорық ретінде қызметін жасап жатқан мәдени нысандардан көруімізге болады.

Сонау тас ғасырынан бастап тарихта із қалдырған ата-бабаларымыздан қалған заттай деректер бүгінде өскелең ұрпаққа пайдасы зор. Барлық дамыған елдерде өздерінің түп тарихын жетік білу арқылы мемлекет болып ұлт болып қалыптасқан. Музей-қорықтар әлемдік дәрежеде күнды ескерткіштер. Еуропада орналасқан мәдени ландшафттарға қарағанда, еліміздегі орналасқан музей-қорықтар мәдени ландшафттың мысалы ретінде айқын көрініс табады. Сондықтан да музей-қорықтарды жоғарғы дәрежеде дәріптеліп Әлемдік мұра тізіміне енгізілуі мемлекет үшін оң жағынан әсер етеді.

Әдебиеттер

- Bertilsson, U. (2004). The post-Palaeolithic rock art of the Nordic countries – Imagery, location and mythology. В *Prehistoric Pictures as Archaeological Source* (pp. 4–10). Gothenburg.
- Веденин, Ю. А., & Кулешова, М. Е. (Ред.). (2004). *Культурный ландшафт как объект наследия*. Москва: Институт Наследия; Санкт-Петербург: Дмитрий Буланин. 620 с.
- Fowler, P. J. (2003). *World Heritage Cultural Landscapes, 1992–2002* (140 p.). UNESCO World Heritage Centre.
- Groth, P., & Wilson, C. (2003). The polyphony of cultural landscape study: An introduction. In C. Wilson & P. Groth (Eds.), *Everyday America: Cultural Landscape Studies after J. B. Jackson* (pp. 1–22). University of California Press. <https://doi.org/10.1525/9780520935907-002>
- Egan, D. (2003). Defining cultural and ethnographic landscapes. *Ecological Restoration*, 21(4), 258–260. <https://doi.org/10.3368/er.21.4.258>
- Егізбаева, М. Қ., & Бексеитов, Г. Т. (2021). Музей-қорықтар, парктер және ерекше қорғаудағы аймақтар: Оқу құралы. Қазақ университеті. 140 б.
- Evers, D. (1994). *The magic of the image: Prehistoric Scandinavian rock carvings* (48 p.) Warsmoth, Germany: Pulsar.
- Ештанаев, Ф., Смағұл, С., & Мырзабеков, Б. (2017). *Уық шаншылған Ұлытау: Кітап-альбом*. Аспантау. 309 б.
- Jacques, D. (1995). The rise of cultural landscapes. *International Journal of Heritage Studies*, 1(2), 91–101.
- Железняков, Б. А. (2011). Документирование петроглифов ущелья Сункарсай. В *Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы* (с. 292–297). Алматы.
- Жұмабекова, Г. С., Оңғар, А., & Базарбаева, Ф. А. (2011). Есік = Иссык = Esik. А. З. Бейсенов (Жауап. ред.). Таймас. 199 б.
- Қожамсейітов, С. (2014). Қазақ елінің кіндік мекені – Жезқазған: (Ұлытаудың бас қаласы): мақалалар, очерктер, зерттеулер. С. С. Нұрлыбаева (Жоба жетекшісі) & Ф. Е. Ештанаев (Жауап. ред.). [Б. ж.]. 255 б.
- Heiskog, K., & Hogtun, E. (2004). Recording landscapes in rock carvings and the art of drawing. In *Prehistoric Pictures as Archaeological Source* (pp. 11–17). Gothenburg.
- Hugen, A. S., & Bengtsson, L. (2000). *Rock carvings in the Borderlands. Bohuslan and Ostfold* (224 p.). Gothenburg.
- Мұхтарова, Г. Р. (бас ред.), Плетникова, Л. Н. (жауап. ред.), & Даутова, С. С. (ауд.). (2020). “Есік” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі: есеп альбом (2015–2020). Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі; “Есік” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі. 156 б.
- Мусатаева, Ф. М. (2022). Ұлытау ландшафтының мәдени рәміздік мағынасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. *Тарих ғылымдары. Философия. Дінтану сериясы*, 139(2), 199–217. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-139-2-199-217>
- Olwig, K. R. (2007). The practice of landscape ‘conventions’ and the just landscape: The case of the European Landscape Convention. *Landscape Research*, 32(6), 579–594.
- Rosler, M. (2006). World Heritage cultural landscapes. *Landscape Research*, 31(4), 333–353.
- Рогожинский, А. Е. (2011). Петроглифы археологического ландшафта Тамгалы. Алматы. 342 б.
- Рогожинский, А. Е., Аубекеров, Б. Ж., & Сала, Р. (2004). Памятники Казахстана. В *Памятники наскального искусства Центральной Азии: Общественное участие, менеджмент, консервация, документация* (с. 45–94). Алматы.
- Sala, R., & Aubekerov, B. (2013). Geography and cultural landscapes of Kazakhstan. In T. Stöllner & Z. Samashev (Eds.), *Unbekanntes Kasachstan. Archäologie im Herzen Asiens: Band I. Katalog der Ausstellung des Deutschen Bergbau-Museums Bochum vom 26. Januar bis zum 30. Juni 2013* (pp. 41–54). Deutsches Bergbau-Museum Bochum.
- Sauer, C. O. (1925). The term cultural landscape. In *The morphology of landscape* (Vol. 2, pp. 19–53). University of California Publications in Geography.
- Сарғожаев, Н. (2008). Алтын адам атамекені: тарихи-деректі аудан шежіресі. *ТНҚ 2030*. 375 б.

Тежімуратов, М., & Файзуллина, Г. (Ред.). (2013). Мадени ландшафт мұра объектісі ретінде: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы, 26–27 қыркүйек, 2013 ж. Алматы: КазЕЗМИ. 208 б.

Тасмағамбетов, И. Н. (Жалпы ред.), Байпақов, К. М., & Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты. (2005). Археологиялық зерттеулер жайлы есеп = Отчет об археологических исследованиях. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі; Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. 319 б.

Тулегенов, Т. Ж., Чекин, А. Г., & Құрбанәлі, Ж. (2020). Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. Археология Казахстана, 2(8), 65–77.

Taylor, K. (2009). Cultural landscapes and Asia: Reconciling international and Southeast Asian regional values. *Landscape Research*, 34(1), 7–31. <https://doi.org/10.1080/01426390802387513>

Taylor, K., & Lennon, J. (2011). Cultural landscapes: A bridge between culture and nature? *International Journal of Heritage Studies*, 17(6), 537–554. <https://doi.org/10.1080/13527258.2011.618246>

References

Bertilsson, U. (2004). The post-Palaeolithic rock art of the Nordic countries: Imagery, location and mythology. In *Prehistoric Pictures as Archaeological Source* (pp. 4–10). Gothenburg. (In English).

Vedenin, Y. A., & Kuleshova, M. E. (Eds.). (2004). The cultural landscape as a heritage object. Moscow: Institute of Heritage; Saint Petersburg: Dmitry Bulanin. 620 p. (In Russian).

Fowler, P. J. (2003). World Heritage Cultural Landscapes, 1992–2002 (140 p.). UNESCO World Heritage Centre. (In English).

Groth, P., & Wilson, C. (2003). The polyphony of cultural landscape study: An introduction. In C. Wilson & P. Groth (Eds.), *Everyday America: Cultural Landscape Studies after J. B. Jackson* (pp. 1–22). University of California Press. <https://doi.org/10.1525/9780520935907-002> (In English).

Egan, D. (2003). Defining cultural and ethnographic landscapes. *Ecological Restoration*, 21(4), 258–260. <https://doi.org/10.3368/er.21.4.258> (In English).

Egizbayeva, M. Q., & Bekseitov, G. T. (2021). Museum-reserves, parks and specially protected areas: A textbook. Kazakh University. 140 p. (In Kazakh).

Evers, D. (1994). The magic of the image: Prehistoric Scandinavian rock carvings (48 p.) Warsmoth, Germany: Pulsar. (In English).

Eshtanaev, G., Smagul, S., & Myrzabekov, B. (2017). Uyk shanshilgan Ulytau: Photo album. Aspantau. 309 p. (In Kazakh).

Jacques, D. (1995). The rise of cultural landscapes. *International Journal of Heritage Studies*, 1(2), 91–101. (In Kazakh).

Zhumabekova, G. S., Ongar, A., & Bazarbayeva, G. A. (2011). *Esik = Issyk = Esik*. A. Z. Beysenov (Ed.). Taimas. 199 p. (In Kazakh).

Kozhamseitov, S. (2014). *The cradle of the Kazakh nation – Zhezkazgan: (The capital of Ulytau): Articles, essays, studies*. S.S. Nurlybayeva (Project leader) & G. E. Eshtanaev (Ed.). [n.p.]. 255 p. (In Kazakh).

Heiskog, K., & Hogtun, E. (2004). Recording landscapes in rock carvings and the art of drawing. In *Prehistoric Pictures as Archaeological Source* (pp. 11–17). Gothenburg. (In English).

Hygen, A. S., & Bengtsson, L. (2000). Rock carvings in the Borderlands. Bohuslan and Ostfold (224 p.). Gothenburg. (In English).

Mukhtarova, G. R. (Chief Ed.), Pletnikova, L. N. (Ed.), & Dautova, S. S. (Trans.). (2020). *Esik State Historical and Cultural Reserve-Museum: Report album (2015–2020)*. Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan; Esik State Historical and Cultural Reserve-Museum. (In Kazakh).

Musataeva, F. M. (2022). The symbolic cultural meaning of the Ulytau landscape. *Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. Series: History, Philosophy, Religious Studies*, 139(2), 199–217. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-139-2-199-217> (In Kazakh).

Olwig, K. R. (2007). The practice of landscape ‘conventions’ and the just landscape: The case of the European Landscape Convention. *Landscape Research*, 32(6), 579–594. (In English).

Rossler, M. (2006). World Heritage cultural landscapes. *Landscape Research*, 31(4), 333–353. (In English).

Rogozhinsky, A. E. (2011). Petroglyphs of the Tamgaly archaeological landscape (342 p.). Almaty. (In Russian).

Rogozhinsky, A. E., Aubekero, B. Zh., & Sala, R. (2004). Monuments of Kazakhstan. In *Rock Art Monuments of Central Asia: Public Participation, Management, Conservation, Documentation* (pp. 45–94). Almaty. (In Russian).

Sala, R., & Aubekero, B. (2013). Geography and cultural landscapes of Kazakhstan. In T. Stöllner & Z. Samashev (Eds.), *Unbekanntes Kasachstan. Archäologie im Herzen Asiens: Volume I. Catalogue of the Exhibition of the German Mining Museum Bochum from January 26 to June 30, 2013* (pp. 41–54). Deutsches Bergbau-Museum Bochum. (In English).

Sauer, C. O. (1925). The term cultural landscape. In *The morphology of landscape* (Vol. 2, pp. 19–53). University of California Publications in Geography. (In English).

Sargozhaev, N. (2008). The homeland of the Golden Man: A historical-documentary district chronicle (378 p.). TNK 2030. (In Kazakh).

Tezhimuratov, M., & Faizullina, G. (Eds.). (2013). The cultural landscape as a heritage object: Proceedings of the international scientific-practical seminar, September 26–27, 2013. Almaty: KazESMI. (In Russian).

Tasmagambetov, I. N. (General Ed.), Vaipakov, K. M., & A. Kh. Margulan Institute of Archaeology. (2005). Report on archaeological research = Отчет об археологических исследованиях. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan; Ministry of Culture, Information and Sports of the Republic of Kazakhstan. 319 p. (In Kazakh).

Tulegenov, T. Zh., Chekin, A. G., & Kurbaneli, Zh. (2020). Archaeological excavations of the Rahat settlement during the 2019 field season. *Archaeology of Kazakhstan*, 2(8), 65–77. (In Russian).

Taylor, K. (2009). Cultural landscapes and Asia: Reconciling international and Southeast Asian regional values. *Landscape Research*, 34(1), 7–31. <https://doi.org/10.1080/01426390802387513> (In English).

Taylor, K., & Lennon, J. (2011). Cultural landscapes: A bridge between culture and nature? *International Journal of Heritage Studies*, 17(6), 537–554. <https://doi.org/10.1080/13527258.2011.618246> (In English).

Автор туралы мәлімет:

Әбдіразақ Таңшолпан Тоқбергенқызы – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы. E-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru).

Николай Вуков – доцент, PhD, Болгария ғылым академиясы (Болгария, София. E-mail: nikolai.vukov@gmail.com).

Information about author:

Abdirazak Tangsholpan Tokbergenkyzy – doctoral candidate, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty. E-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru).

Nikolay Vukov – Associate Professor, PhD, Bulgarian Academy of Sciences (Bulgaria, Sofia. E-mail: nikolai.vukov@gmail.com).

Сведения об авторе:

Абдіразақ Таңшолпан Тоқбергенқызы – докторант, Қазақстанның ұлттық университеті им. Аль-Фараби (Қазақстан, г. Алматы. E-mail: berikalieva.tansholpan@mail.ru).

Николай Вуков – доцент, PhD, Болгарская академия наук (Болгария, София. E-mail: nikolai.vukov@gmail.com).

Келін түсті: 21.12.2025

Қабылданды: 19.02.2026